



№2 (10095)
11 қаңтар,
сенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағымдасы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар



Таңда тындырымды тірлік көп

Соңғы жылдары ауданда түрлі ауқымды жобалар жүзеге асуда. Әсіресе ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлік саласы дамып, түрлі нысандар бой көтеруде. Әрине, бұл атқарылып жатқан жұмыстар ел игілігі үшін екені белгілі. Сондай ірі жобаның бірі – ауданға қарасты Таң ауылында құрылысы жүріп жатқан мақсары майы, күріш лапшасы, жүгері ұнын өндіруге арналған өндірістік базасы.

Осы орайда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов ауданға жұмыс сапарымен атбасын бұрып, ауылдағы кәсіпкерлік нысанның жұмысымен танысты.

Мемлекет тарапынан «Байқоңыр» ӘКК» ҰҚ» АҚ арқылы 122 млн теңгеге қолдау тапқан ауқымды жобаның жалпы құны 422 млн теңге, жеке қаражат есебінен 300 млн теңге бөлінген. Өндірістік база іске қосылған соң ауылдың 22 жергілікті тұрғынын тұрақты жұмыспен қамту жоспарланған.

Халық қалаулысы Мұрат Әбенов ауданға жұмыс сапары барысында ауыл тұрғындарын арнайы қабылдап, «Ауыл аманаты» жобасы мен аудандық емхананың көріз жүйесі жөнінде мәселелерді тыңдады.

«ЖЖ» ақпарат



Еңбек адамы



Талап



Жұмыспен қамту – басты міндет

Елдегі жұмыссыздық мәселесін шешу күн тәртібінен түскен емес. Әрине, нәпақа табатын жұмыс болмаса отбасынан бөреке кетіп, басыңа қиын күн туады. Мұндайда, «...жұмысы жоқтық ашындарар адам баласын» демеске амалың жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке еліміздегі еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесін әзірлеуді, сондай-ақ еңбек ресурстарының тапшылығы бар өңірлерде Үкіметке жұмыссыздық мәселесін шешу үшін пәрменді шаралар қабылдауды тапсырған болатын.

Атап айтқанда, еңбек нарығын цифрландыру, жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын реформалау, нәтижелі жұмыспен қамту және тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттыру үшін басқа да ауқымды ішаралар қарастырылған. Сондай-ақ Президент бастамасымен быыл «Жұмысшы мамандықтары» жылы деп жариялануы да тегін емес.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мамандарының мәліметінше, былтыр халықты жұмыспен қамту мақсатында облыс әкімімен «2024 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» бекітілген. Аталған жол картасы аясында 46 475 жұмыс орнын ашу жоспарланса, нәтижесінде 49 307 жұмыс орны ашылып, жоспар 106,1 пайызға орындалған. Ашылған жұмыс орындарының 64,1 пайызы жаңа жұмыс орындарының үлесін құрайды.

Нақтырақ айтсақ, аймақта Ұлттық жобалар аясында 3 458 жұмыс орны ашылып, жоспардың орындалуы 106,1 пайызды құраса, бос жұмыс орындары бағыты бойынша жоспар 116,6 пайызға жеткен. Сондай-ақ Президенттің тапсырмасына сәйкес «10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын құру» қағидаты шеңберінде облыста 10 655 жұмыс орны құрылуы керек болса, нәтижесінде 11 870 жұмыс орны ашылған. Быыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады. Яғни 44 000-нан астам

жұмыс орындары ашылып, облыста жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға төмендейді деген болжам бар. Айтпа кетейік, былтыр аймақтағы 33 759 азаматқа атаулы әлеуметтік көмек төленген. Ал әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 32 901 мүгедектігі бар адам оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етіліп отыр.

Жалағашта жұмыспен қамту қарқынды жүрде

Жалпы ауданда 14 866 жұмыс күші бар. Оның ішінде 13926-сы жұмыспен қамтылған. Жұмыссыздық саны – 758. Жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,4 пайызды құрайды.

Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеуші ретінде жүгінген 2716 адамның тұжырымдамаға қатысушы ретінде 1772-сі тіркелген. Оның 1032-сі жұмыссыз болса, 325-і – жұмыс іздеуші, 318 адам өз бетінше жұмыспен қамтылған. Жыл басынан бері 500-ден аса азамат бос жұмыс орындарына орналастырылды.

Жұмыссыздықты кәсіпкерлікті дамыту арқылы да шешуге болады. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша былтыр кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 228 адам жолданған. Олардың 174-і оқу курсынан аяқтап, сертификат алды, 88-і өз кәсібін ашып, 3 адам қайтарымсыз грант алған. 231 адам

немесе жоспарланған 250 адамның 92,4 пайызы «Электрондық еңбек биржасы» порталы (skills.enbek.kz платформасы) арқылы онлайн-оқудан өткен.

Қысқамерзімді кәсіпті оқу негізінде оқу курсына «ветеринар санитар» мамандығы бойынша 22 адам жолданып, қазіргі таңда оқуын жалғастырып отыр. 137 адамға жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар берілген. Оның ішінде 3 атаулы әлеуметтік көмек алушы бар. Сондай-ақ 20 мүмкіндігі шектеулі жан дәл осындай қаржылай қолдау тапқан. Мұнан бөлек 103 көпбалалы ана, 1 асыраушысынан айырылған адам, 10 мүгедек бала тәрбиелеушінің жобасы қайтарымсыз қаржылай қолдау тапты. Қазіргі таңда барлығы түрлі кәсіпті бастап кеткен. Олардың 11-і мүлдем қаралдарын алуға жоба дайындаса, 4 адам еңбек құралдарын алуға құжат әзірлеп, жобаларын қорғап шықты. Мұнан бөлек техникалық құралдар алуға 19, мал шаруашылығына бағытталған 97, құс және балық шаруашылығына негізделген 5 жоба қаржылай қолдау көрген.

Жалпы бізде мемлекеттен берілетін субсидияланатын жұмыс орындары бар, тұрақты болмаса да, жыл аяғына дейін елдің екі қолға бір күрек табуына бұл да үлкен көмек. Былтыр субсидияланатын жұмыс орындарына 858 адам жұмысқа орналастырылған. Тарқатып айтсақ, әлеуметтік жұмыс орындарына 39 адам жолданған.

оның 15-і жұмысын аяқтап, тұрақты жұмысқа орналасқан. Жастар тәжірибесіне 130 адам жолданса, ақылы қоғамдық жұмыстарға 648 адам тартылған.

Бүгінде жиі ұйымдастырылатын бос жұмыс орындары жәрмеңкесі азаматтардың жұмыс табуына көмек болды. Былтыр ауданда 9 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілген. Онда 79 жұмыс беруші 204 бос жұмыс орнын ұсынған. Қуантарлығы, бүгінде бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің арқасында 60 жалағаштық тұрақты, 1 адам уақытша жұмысқа орналасқан. Бұған дейін де жауапты сала мамандарының ықпалымен ауданда қаншама рет осындай шаралар өтті, онда да жалағаштықтар екі қолға бір күрек тапты.

Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленеді. Атап айтқанда, былтыр Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжіне 1 адам жұмысшы, 3 Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепке 1 адам от жағушы және 1 адам киім ілуші, Эл-Фараби атындағы №201 орта мектепке 2 адам от жағушы болып жұмысқа орналасқан.

Ауданда былтыр бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және probation қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру мақсатында бос жұмыс орындары бойынша 4 жәрмеңке өткізілген. Сондай-ақ осы аталған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін ауданда 5 квота белгіленген. Оның ішінде probation қызметіне есепке алынғандарға 4 және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға 1 квота қарастырылған. Бүгінде квотаның 5-і де, яғни жоспар 100 пайызға орындалған.

Ж.АРЫН

Дәнекерлеуші Қабылан

Дәнекерлеушінің сөзін емес, істің адамы екені байқалып тұр. Әңгімеге шоңрақ Қабылан Бишев шаруашылықта дәнекерлеуші ретінде 10 жылдан астам еңбек етіп келеді. Ол орта білімді тәмамдаған соң кенттегі қазіргі «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжде» «дәнекерлеуші» мамандығы бойынша дәріс алады. Сөйтіп кәсіби білімін аяқтап, көп ойланбай мамандығы бойынша жұмысқа кіріседі. Міне, 25 жылдық тәжірибесі бар Қабекең бүгінде ауыл шаруашылық саласында мықты маман болған.

Бұл мамандықты таңдағаныма еш өкінбеймін. Жұмысым жұрт ойлағандай ауыр емес. Қазір дәнекерлеуге қажеттің бәрі бар. Электр дәнекерлеу аппараттарының да түрі көп. Оның қуаттылығы мен сапасын шертпін жүріп таңдап аласың. Кереметі сол шағын ғана 220 вольтты дәнекерлеу аппараты кез келген үй-жайда қолдана беруге мүмкіндік береді. Бастысы, қауіпсіздікті қатаң сақтаған жөн. Жалпы дәнекерлеу ісі өлемдегі ең қауіпті жұмыс санатына жатады. Оған бейімі бар, арнайы оқыған адам істемесе, кез келген жанды игеріп кетуі екіталай шаруа. Алдымен дәнекерлеушінің қорғаныш бетпердесі мен денені түгел жабатын арнайы киімі және жұмыс орны өте маңызды.

Еңбек адамы қызметінен бөлек, әулетінде де абыройға ие. Бүгінде ол 1 қыз, 1 ұл тәрбиелеп, өсірген. Әрине, адал еңбек еткен адамның жалпы қоғамда ерекше сый-құрметке ие болуы заңдылық.

Қарапайым жұмысшы екеніме мақтанамын. Бастысы, сол арқылы отбасымды асырап отырмын. Бүгінде біздің мамандыққа сұраныс артып келеді. Себебі бұл мамандық елге керек. Шыны керек, мен басқа салада жұмыс істеуді елестете алмаймын. Өйткені әбден үйреніп қалдым. Оны ешқандай жерге айыр-бастағым да келмейді. Шүкір, табысым да жеткілікті. Басшылық тарапынан сыйақы да үздіксіз беріліп тұрады. Өріптестеріммен туыстай болып кеткенбіз, – дейді ол.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, еңбек адамы қоғамда қашанда абыройлы, мәртебесі биік болуы керек. Елімізде Президент бастамасымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары» жылы деп жариялануы еңбек адамдарының мәртебесінің артуына басты қадам деп білеміз. Өйткені елдің әлеуетін көтеретін осы қарапайым жұмысшы азаматтар екені даусыз. Ал Қабылан Бишев – ел сыйлаған еңбек адамының жарқын бейнесі.

**ТІЛШІЛІК ТІРШІЛІКПЕН
АУДАНДАҒЫ «AB-AGRO
ORDA» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНА
АТБАСЫН БҰРДЫҚ.
МАҚСАТЫМЫЗ – ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІМЕН
СҰХБАТ ҚҰРУ, ЖҰМЫС
БАРЫСЫМЕН ТАНЫСУ. ШАРУА
ҚОЖАЛЫҚКА КІРЕБЕРІСТЕН
ТҮРЛІ ТЕХНИКАЛАРҒА КӨЗІМІЗ
ТҮСТІ. ТӨРДЕ БІР КІСІ КОМБАЙН
БӨЛШЕКТЕРІН ДӘНЕКЕРЛЕП
ОТЫР. ӘРИНЕ, ЖАНЫНА БАРЫП,
ЖҰМЫСШЫНЫ ӘҢГІМЕГЕ ТАРТА
ЖӨНЕЛДІК.**

Жандос ЖАЗКЕН

Брифинг

12 айда 1 195 іс қаралған



Кеше аудандық соттың жұмыс қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті. Брифинг барысында сот төрағасы Асылхан Мизанбаев 2024 жылдың 12 айында атқарылған жұмысты баяндады. Ол аудан ахуалын тілге тиек етіп, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылық тақырыптарын кеңінен тарқатты.

Аталған мерзімде сот төрағасының айтуынша, аудандық сотта барлығы 1 195 іс қаралып, аяқталған. Оның ішінде азаматтық құқық бұзушылыққа байланысты 567 іс, қылмыстық құқық бұзушылыққа байланысты 61 іс, әкімшілік құқық бұзушылыққа байланысты 567 іс қаралған. Яғни 42-іне сот бұйрығы қабылданып, 303-іне сот шешімі шығып, 162 іс тоқтатылған. Сондай-ақ 56 іс қараусыз қалдырылып, 4 іс басқа соттың қарауына жолданған.

Тарқатылған азаматтық істерге қатысты медиация бойынша 158 іс, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама негізінде 111 іс бойынша жұмыстар жүргізілген.

Азаматтық істер бойынша ең көп қаралған даулар шарт бойынша міндеттемен туындаған дауларды айтуға болады, яғни банк қарыз шарты, қарыз ақша өндіру бойынша 334 іс сотта қаралған. Соңғы уақытта қоғамда отбасылық киелі жерлер жиі орын алып, соңы ажырасуға әкеліп соғуда. Бұл

сөзімізді аудандық сот төрағасы да жоққа шығармады. Айтуынша былтыр 64 отбасының сотта некесі бұзылған. Мұнан бөлек кемелетке толмаған балаларды асырап бағу үшін алимент өндіру жайлы талаптар аясында 32 іс, заңдық маңызы бар фактіні анықтау жайлы 34 арыз қаралған.

Бүгінде аудандық сотта жоғарыда атап өткенімдей қылмыстық құқық бұзушылық бойынша 61 іс қаралып, нәтижесінде 28 іске үкім шығарылған. Тарқатып айтсақ, 16 іс тоқтатылып, 13 іс медиация тәртібімен татуласқан. Соттылығы бойынша 16 іс жолданып, 31 адам сотталған. Оларға тағайындалған жаза түрлері әртүрлі. Мәселен 5-еуі қоғамдық жұмысқа тартылса, 18 қылмыскердің бас бостандығын шектеген.

Сондай-ақ 5 азамат бас бостандығынан айрылып, 2-іне айыппұл салынып, 1-іне шартты жаза тағайындалған. Аудандық сот төрағасы аяқталған істердің санаттарына да жеке-жеке тоқталды.

Ол жеңіл санаттағы қылмыс саны 11, ауырлығы орташа қылмыс 10, ауыр қылмыс 18, теріс қылмыс санатындағы қылмыс 22-ін құрайтынын айтты. Аяқталған қылмыстық істердің ішінде қылмыс санаты бойынша ең көп қаралғаны ұрлық пен алаяқтық болған. Яғни ҚР ҚК-нің 190 бабы бойынша, алаяқтық жасаған – 3 іс, ҚК-нің 188 бабы, ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқырған – 15 іс, ҚР ҚК 187 бап, ұсақ-түйек жымқырған – 3 іс қаралған. Сот төрағасы «аз уақытта оңай олжаға ие боламын» деген оймен әлеуметтік желіде «аз ақша салып, көбейтіп ал» деген алаяқтардың сөзіне сенбеу керектігін қаперге салды.

Айта кетейік, есірткі затын заңсыз егу, сақтау, тасымалдау бойынша ауданда жалпы 11 іс қаралған. Сонымен қатар жол жүру ережесін бұзу бойынша 3 іс тіркелген.

Сондай-ақ сот төрағасының айтуынша, әкімшілік құқық бұзушылық істер

бойынша 567 іс түсіп, 100 пайыз аяқталған. Оның ішінде 147 іс тоқтатылып, тараптардың татуласуына байланысты медиация тәртібімен 38 іс тоқтатылған. Ал 415 іске жаза тағайындалған.

– Жаза тағайындалғандар бойынша 199 айыппұл салынып, 28-іне ескерту жасалды. Ал 171 азамат қамаққа алынып, 3-еуі көлік құралын басқару құқығынан айрылды. Әкімшілік құқық бұзушылықтың ең көп қараған санаты көлік құралын алкогольді масаң күйде басқару болды. Яғни бұл іс бойынша 32 іс қаралды, – дейді А.Мизанбаев.

Сондай-ақ жеке бастың құқықтарына қол сұғатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасы-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамды ұрып соғу бойынша 102 іс қаралған. Жалпы аталған мерзімде сотпен азаматтық істер бойынша 2, жеке ұйғарым, қылмыстық іс бойынша 2, әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша 11 жеке қаулы қабылданған.

Жиынды қорытындылаған сот төрағасы алдағы уақытта да сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот жүйесін нығайтуға барлық шаралар қолданылатынын атап өтіп, БАҚ өкілдері тарапынан туындаған бірқатар сұраққа жауап берді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Тәртіп

Қауіпсіздік басты назарда

Қоғам қауіпсіздігін бақылау мақсатында аудан әкімдігі, аудандық білім бөлімі, полиция бөлімі, аудандық жастар ресурстық орталығы қызметкерлері және еріктілердің қатысуымен түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылды.



Жалағаш кентіндегі халық көп шоғырланатын орындар мен ойын-сауық орталықтарында нысан иесі мен тұрғындарға заң талаптарын түсіндіру және алдын алу шаралары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Әсіресе, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кемелетке толмағандар және жастар арасындағы құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында рейдтік жұмыстардың маңызы зор. Өйткені мәселемен күрескеннен алдын алған абзалырақ екені белгілі.

Бала тәрбиесінде, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мұғалімдер ғана емес, ең алдымен ата-ана жауапты. Сондықтан әрбір ата-ана жауапкершіліктен жалтармай, балаларының тәртібін қадағалап, үнемі бақылауда ұстауы және төмендегі ескертпелі назарға алуы керек.

Айта кетейік, жасөспірімдермен жасалған қылмыстарды алдын алу бағытында тұрақты түрде «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім», «Қауіпсіз мектеп» жедел-профилактикалық шаралары және «Абайлаңыз балалар» акциялары өткізілсе, күнделікті «Түнгі қала», «Квадрат», «Демалыс» профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылуда.

Қуантарлығы, Жалағаштағы ахуал тұрақты. АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция қызметкерінің айтуынша, ауданда соңғы уақытта жасөспірімдер арасында 222 тәртіп бұзушылық орын алған. Облыс орталығындағы бейімдеу орталығына 4 жасөспірім орналастырылған.

«Қоғам қауіпсіздігі – тек тәртіп сақшыларының міндеті» деген ұғымнан арылуымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, тәртіпке бағынған құл болмайды.



Қолма-қол ақша талап ету – заңсыздық

Жаңа жыл басталғалы елде мобильді аударымдар туралы қауесет тарайды. Әсіресе кәсіпкерлік субъектілері дабыл қақты.

Құзырлы органдардың айтуынша, дүкендерде банк карталары арқылы төлем қабылдамай, қолма-қол ақша талап ету заңсыздық болып табылады.

Кірістер департаментінің мамандары егер осындай жағдай болса, азаматтар салық органдарына шағымдану керектігін мәлімдеді. Ол үшін алдымен ескертіледі, екінші рет қайталанса, 157 мың теңге айыппұл салынады.

Айта кетейік, биыл елімізде мобильді аударымдарды бақылау басталды. 3 айда 300-ден астам әртүрлі адамнан шотыңызға ақша түссе, көлеңкелі кәсіппен айналысады деген күдікке ілігісіз. Осыған байланысты кәсіпкерлер таза кірісін жасыру мақсатында жалпай қолма-қол ақша қабылдауға көшуі мүмкін деген қауіп бар. Айта кетейік, электронды ақша айналымдары 86 пайызға жеткен.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жоба

«Жедел басқару орталығы» іске қосылды



ЖАСЫРАТЫНЫ ЖОҚ, СОҢҒЫ УАҚЫТТА ҚОҒАМДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ФАКТІЛЕР ЖИІ ҚАЙТАЛАНУДА. ӘРИНЕ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ТАРАПЫНАН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРУДЕ. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ МАМАНДАР ЕЛІМІЗДЕ ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ МЕН ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ ЕРЕКШЕ НАЗАРДА, ЯҒНИ АЛАНДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ ЕКЕНІН АЙТУДА.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша полиция азаматтармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағытталған қызметтің сервистік үлгісіне көшкен. Сонымен қатар құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылуда, өңірлерде жоспарлы түрде бейнебақылау камералары орнатылып, қауіпсіздік саласына жаңа цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізілуде.

Айта кетерлік жайт, апта басында аймақта бір мезетте барлық аудандарда полиция бөлімдерінің «Жедел басқару орталықтары» жұмысын бастады. Заманауи жоба ҚР Ішкі істер министрінің бастамасымен және Қы-

зылорда облысы әкімінің қолдауымен елде алғаш рет Қызылорда өңірінде іске асты.

Бұл орталықтар ұсақ құқық бұзушылықтан бастап ауыр қылмыстың «ізің суытпай» ашуға септігін тигізетін ішкі істер органдарындағы маңызды әрі қажет қызметтің бірі. Бүгінде әртүрлі қылмыстарды жедел ашу, және тәртіп сақшыларының жұмысын тиімді әрі оңтайлы ету үшін аймақта цифрлық мүмкіндіктер кеңінен қолданылуда.

Бірегей «Жедел басқару орталығы» жобасы аясында 7 аудандағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге барлығы 588 бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етілген. Әр ауданға 77 дана бейнебақылау

камера мен 7 жылдамдықты өлшегіш құралы орнатылған.

Енді операторлар қоғамдық тәртіпті бұзу әрекеттерін оңай анықтай алады. Сақшылар осы арқылы темекі тұқылын тастау, қоғамдық орындарды ластау, жаяу жүргіншілердің арнайы жерлерден өтуі және автокөліктердің жол ережелерін бұзу фактілерін тіркей алады. Бұл – қоғамда тәртіп иммунитетін күшейтуге жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Жедел басқару орталықтарының көмегімен құқық бұзушылықтардың алдын алу және азаматтарға жедел көмек көрсету, жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға мүмкіндік болады. Бұл азаматтардың да жауаптылығын күшейтуге септігін тигізеді.

Айта кетейік, өткен жылы камера көмегімен 138 қылмыс ашылды, 50 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылық анықталды.



Жалағашта 77 бейнебақылау камерасы іске қосылды

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында бүгінде ауданда, яғни кент және ауылдық округтерде бейнебақылау камералары жұмыс жасауда. Жалпы кентте қазіргі уақытта 71 көшеде 1205 жол белгісі

орнатылған. Жол белгілерін күтіп ұстау, тозғанын жаңалау, бағаналарын сырлау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Ал жол жүрісін реттеу үшін 4 көше қиылысына бағдаршамдар орнатылған. Мұнан бөлек Жалағаш аудандық полиция бөлімінде Жедел басқару орталығы өз жұмысын бастады.

Сондай-ақ ауданда 1400 бейнебақылау камера, 19 интеллектуалды қиылыс пен 58 жылдамдық өлшегіш орнатылып, жедел басқару орталығы қайта жаңғыртылуда. Сонымен қатар аудан орталығына қосымша 77 бейнебақылау және 7 жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін автоматты түрде анықтайтын жылдамдық өлшеу камерасы орнатылуда.

Әрине, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуде атқарылып жатқан жұмыстар өз нәтижесін берері анық, десе де біз «қоғам қауіпсіздігі – тек тәртіп сақшыларының міндеті» деген

ұғымнан арылуымыз керек. «Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз. Бір сөзбен айтқанда, тәртіпке бағынған құл болмайды.

Жандос ЖАЗКЕН

Тарих



Ерлік ел жадында жаңғыра береді

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ФАШИСТІК ГЕРМАНИЯНЫҢ ПОЛЬШАҒА БАСЫП КІРГЕН 1939 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНАН БАСТАЛДЫ. ДҮНИЕ ЖҮЗІ ХАЛЫҚТАРЫН ФАШИСТІК-НАЦИСТІК МАҚСАТТА БИЛЕУ ҮШІН 1939 ЖЫЛҒЫ КСРО МЕН ГЕРМАНИЯНЫҢ АРАСЫНДА БІР-БІРІНЕ СОҒЫС АШПАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ КЕЛІСІМДІ БҰЗЫП, ФАШИСТІК ГЕРМАНИЯ 1941 ЖЫЛДЫҢ 22 МАУСЫМЫНДА ЕСКЕРТУСІЗ ТҮТҚИЙЛДАН КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНА ШАБУЫЛ ЖАСАҒАНЫНА, ҰОС БАСТАЛҒАНЫНА БИЫЛ 80 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.

Немістер Кеңес одағына 7 млн 234 мың солдат мен офицерің, 20 мың ұшак, 500 мың түрлі каливерлі атыс құралы, 14 мың танкі, 214 дивизия, 7 бригадаммен шабуыл жасады. Сондай-ақ Германияның одақтастары КСРО-ға қарсы 29 дивизия, 16 бригадасын қойды. КСРО 1939 жылдың қыркүйегінде “Жапайы және міндетті ескерге шақыру” заңын қабылдады. Осы заң негізінде соғыс қару-жарақтары жаңартылды. Саяси моральдық жағынан жауынгерлермен жұмыстар жүргізілді. Саяси ескері басқармалар құрылып, комиссарлар мен саяси жетекшілер армияға жіберіліп жатты. Ұлы Отан соғысы басталғанда КСРО-да 152 дивизия, 7 бригада, оның 19-ы танкі, 14 механикаландырылған дивизия, бірнеше жүздеген авия полк болды. Қызыл армияның негізгі күші КСРО-Жапон шиеленісі кезінде Қыр Шығыста шоғырланған болатын. Көпұлтты КСРО халқы еліміздің азаттығы мен бостандығы үшін күші басым жолмен 1418 күн мен түн жан беріп, жан алысып соғысқа түсті. Кеңес халқы орасан шығынмен, ерлік пен батырлықтың, Отанына деген патриоттық күшпен, көпұлтты еліміз жудырықтай жұмылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, майдан мен тыл бірігіп, ерлік пен еңбектегі қаһармандығын көрсетіп шайқасты.

Сонғы деректерге қарағанда елдегі қонжарған мен қазматтарда хабарсыз кеткендерді қоса есептегенде, екінші дүниежүзілік соғыста 34 млн адам опат болды. Әлі де бұл деректер анықталмаған дейді. Ұлы Отан соғысы жылдарында елін жаудан қорғауға 1 млн 366 мың қазақстандық аттанды. Олар соғыста ерлік пен батырлықтың, Отанын сүйдегі патриотизмнің үлгісін көрсетіп шайқасты. Солардың тең жартысы Отан үшін опат болып, майдан даласында қалды. Бұл санды бүгінгі бейбіт күндері айту, жазу оңай болғанмен, соғыс тауқыметін тартқан ұлт, халық үшін ерт саннан қан тамып тұрғанын, әлі де зардабы басылмағанын, әрбір отбасына қайғы-қасірет әкелгендігін келешек ұрпақ білуге тиіс.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ескерге шақырылған қазақстандықтардың үштен бірі республикада жасақталған бөлімдерге жіберілген. Бұлар 12 атқыштар дивизиясы, 4 атты ескері дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, әртүрлі ескері құрамалардың 50-дей жеке полк пен батальондары болды. Солардың бірі – Ұлы Отан соғысы тарихынан ойып орын алған ағаы бкіл Герман-КСРО майдандарында дүниеге танылған қазақстандық 316 атқыштар дивизиясы. Неміс

фашизміне қарсы азаттық соғыста Кеңес халқы 28 млн отандасынан айырылды. Соғыстың алғашқы айларында қазақстандықтардан Алматы қаласында құрылған 316-шы атқыштар дивизиясының командирі, азамат соғысының батыры В.И. Чапаевтың шәкірті, генерал-майор И.В. Панфилов болатын. Бірінші дүниежүзілік және азамат соғыстарының от жалынынан өткен И.В. Панфилов дарынды ескері қолбасшы екендігін дәлелдеп, 316-шы дивизияны жасақтау кезінде әлі ескері мектептен өтпеген, соғыстың дөмін татпаған көпұлтты құрамалардың жауынгерлерін ескері өнерге үйретіп, машықтандыруда аянбай тер төге білді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Мәскеуді жаудан қорғауда қорғаныс және шабуыл ұрыстарында жауынгерлердің Отанына деген патриоттық рухтарын көтеруге үнемі қорғаныс пен шабуылдың алдыңғы шебінде болып, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсете білді. Көптеген ұлт өкілдерін ұрыстағы қабілеті мен ерліктерін ескеріп, кіші, орта шенді командирлікке батыл ұсынып, оларды бағалай білді.

316-шы дивизияны жасақтауда Қазақстан КП, ОК мен үкіметі, республиканың жергілікті партия, кеңес, комсомол ұйымдары өлшеусіз көмек көрсетіп, дивизияның адами ресурстары мен техникалық базасын нығайту, дивизияның жауынгерлік қабілетін арттыруға көмектерін беріп отырды. 1941 жылдың күзінде Мәскеуге тікелей шабуыл жасаған ба, қайшақтарына дейін қаруланған неміс ескерлерінің күші Мәскеуді қорғап жатқан Кеңес жауынгерлерінің күшінен адам жағынан 1,4 есе, танкіден 2,2 есе, атыс құралдары мен минометтерден 2,1 есеге, әскери ұшақтардан 2,6 есе артық болды. Мәскеуге қарсы құрылған майдан шебінде немістер 78 дивизия, оның ішінде 14 танк, 9 моторлы әртүрлі құрамалары шабуылға шығып, болат жалынды от пен оқ шайқасын жүргізді. Осындай кезде Волоколамск ауданында 316-шы дивизияның бөлімдері жаумен жан беріп, жан алысып шайқасқа түсті. Ұлы Отан соғысы жайлы мемуарда генерал лейтенант К.К. Рокоссовский басқарған 16-шы армия құрамында Мәскеуді қорғауда алдыңғы шепте шайқасып жатқан 316-шы атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің ерліктері жайлы мынадай мәліметтер берілген.

1941 жылдың 15-27 қазан айы аралығында дивизия Волоколамск ауданында қиын қорғаныс ұрыстарын жүргізіп жатты. Генерал И.В. Панфилов жауынгерлердің алдында жалынды сөз сөйлеген “Біздің бәріміз де, орыс та, қазақ та, украиндық та, қырғыз

да, басқа халықтардың ұлдары да Ленинградта, Белоруссияда, Қазақстанда, Қырғызстанда басқа да Кеңестің жері бәріне де қымбат. Біздер Мәскеу жерінде жауды жібермей шайқасамыз. Сонда біздер өз халқымыздың алдында ұятқа қалмаймыз” деген екен.

Дивизияның командирлері мен саяси жетекшілері, жауынгерлері осы талап, өсиетті орындауда батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетіп шайқасты. Қазақтың даңқты ұлы, батальон командирі Бауыржан Момышұлы, полк командирі Жаппасбаев, батальон командирі Мұханбетқұл Исламқұлов, рота командирі Х.Рахимов, политрук Жолмұханбет Бозжанов, жауынгер Ялыско, взвод командирі Брудный, политрук, Кеңестер Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин, жауынгер Төлген Тоқтаров, қатардағы жауынгер Блоха, Сәйілхан Тұрысқұлов т.б. 1941 жылы қазан айында Мәскеуді қорғаған жауынгерлердің күшімен жаудың Мәскеуге шабуылын тоқтатты. Майдандағы осы жағдайға байланысты жау Волоколамск ауданына екінші қайта 7 танк, 3 моторланған жау дивизиясы Мәскеуді қорғап жатқан 16-шы Кеңес армиясын шебіне шоғырландырып, шабуылға шыққан.

Жау армиясы Кеңес ескеріне адам санынан 1,6 есе, атыс құралдары мен минометтерден 2 есе, танктерден 1,6 есе артық болған. 1941 жылдың 16 қарашасында дивизияның екі атқыштар полкын жау орасан күшпен атқылауды бастаған. Жер шайқалып, ауа да, жер де, бомбы мен минометтердің жарылысының дауысы ақырзаман орнатқан. Осы сәттерді пайдаланып, жау Волоколамск тас жолымен Мәскеуге тікелей жылжымақшы болған. Гитлершілер басты соққыны 316-шы дивизияның 1075 атқыштар полкі қорғап жатқан Дубосекова бекетінің тұсынан төртінші рота қорғап жатқан 28 жауынгердің, басшысы Клочковтың шебін бузып өтуге орасан күшпен бірнеше рет шабуылға шығып, ойларын сөзсіз аяқтап отырған. Клочков бастаған 28 жауынгердің ерліктері, политруктың жалынды сөзі бүкіл дүние жүзіне тарағанын өлем біледі.

Жоғарғы Бас командование 28 жауынгердің ерліктері мен батырлықтарын жоғары бағалап, бірнеше есе күші басым жауға тойтарыс бергендігін ескеріп, 1941 жылдың 17 қарашасында дивизия “Қызыл жұлдыз” орденімен марапатталып, 316-шы атқыштар дивизиясына “Гвардия” атағы берілген. 1941 жылдың 18 қарашасында батыр тәжірибелі әскері басшы, дивизия командирі, генерал-майор И.В. Панфи-

лов майданның алдыңғы шебінде қазаға ұшыраған. Мемлекеттік қорғаныс комитеті 28 қарашада дивизияға И.В. Панфиловтың есімін берген. Мәскеуді жаудан қорғау кезінде дивизия жаудың 114 танкісін, 26 мың фашистердің солдатты мен офицерін 5 ұшағын, көптеген соғыс құралдары мен техникаларын жойған. 1942 жылы Бас командование қаңтар айында дивизияны Солтүстік Батыс майданға жауапты жауынгерлік тапсырманы орындауға жібереді. Осы кезден бастап дивизияның тарихында ерлікке толған жауынгерлік жолы басталған.

Жорық жолын Мәскеу түбіндегі шайқастан бастаған дивизияның командирлері мен жауынгерлері солтүстік батыс майданда шайқасқан. Небір ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсеткен дивизия “Ленин” орденімен марапатталған. 1944 жылы дивизия Латвия жерін жаудан азат етуге қатысқан. Режетише қаласын азат етудегі ерліктері ескеріліп, Панфилов дивизиясы “Резетцки” атымен аталған.

Дивизияның барлық құрамасына Жоғарғы командованиенің алғысы жарияланған. 1944 жылы қазан айының соңында Латвия гитлершілерден азат етілген. Жау теңізге тықсырылды. Дивизия жаудың Қурландиядағы мықты бекінісін талқандауға қатысты. Жау теңіз бен құрлықтың табиғат жағдайын пайдаланып, күшті қорғанысын жасаған бірнеше қорғаныс бекеттерін тұрғызған. Осындай қиын жағдайда панфиловшылар ерлікпен шайқасқан.

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Миллиондаған Кеңес жауынгерінің еліміздің азаттығы мен бостандығы үшін фашизмге қарсы төккен қанымен келген Кеңес халқы жауға қарсы түрмен қатар жаудың өзіннің ордасында тас-талқан болып жеңілүмен, жеңістің қызыл туын рейхстахтың төбесіне тігуден аяқталды. Осындай ерлік жолдарынан 1941 жылдың маусым айында Алматыда жасақталған 316-шы қазақтың атқыштар дивизиясы даңқты жауынгерлік жорықтардан шайқаспен өтіп, гвардиялық “Резетцки”, “Қызыл тулы”, II дәрежелі “Суворов” және “Ленин” орденді генерал-майор И.В. Панфилов атындағы дивизия осындай жолдардан өткен еді. Соғыс жылдарында И.В. Панфилов дивизиясы үнемі қазақстандық жауынгерлермен толықтырылып отырған. Соғыс жылдарында Мәскеуді қорғаудағы дивизияға Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылары, өнер адамдары барып кездесу өткізіп тұрған. Дивизия жауынгерлеріне азық-түлік, киім-кешек пен түрлі сыйлықтарды жіберіп отырған. Мұндай қайырымдылық іс республикамыздың барлық облысында етек алған. Быыл сол даңқты 316-шы дивизиясының құрылғанына 84 жыл толып отыр.

Кұлшара ДҮЙСЕНБАЕВА, ардагер

Сақтансаң, сақтайды



«Қауіпсіз сауда» акциясы өтті

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мен аудандық жастар ресурстық орталығының еріктілері бірлесіп, кент орталығында орналасқан «Бәйтерек» және «Далида» сауда орындары, дүкендер мен дәріханаларда «Қауіпсіз сауда» акциясын өткізді.

Акция барысында жауапты мамандар өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, кәсіпкерлер мен тұрғындарға арнайы жадынамаларды таратты. Сондай-ақ өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалану тәртібі мен төтенше жағдайлар кезінде атқарылуы тиіс іс-қимылдар көрсетілді.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының (14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясымен Жалағаш ауданының Еңбек ауылдық округінің шекарасы шегінде Еңбек ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі аумақтық сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 8-1-тармағына сәйкес және 113-1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасының негізінде Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 8 қаңтардағы №АСК-24/44 қаулысымен Еңбек ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылғы 16 ақпанға тағайындалды.

Еңбек ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2025 жылдың 9 қаңтарда басталады және 2025 жылғы 21 қаңтарда сағат 18.00-де аяқталады. Кандидаттарды тіркеу барлық құжаттар талапқа сәйкестігі анықталғаннан кейін басталады және 2025 жылғы 26 қаңтарда сағат 18.00 аяқталады.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.

Телефондары: (872431) 31-7-19, (872431) 31-4-04
Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы: Қалыбаев Шарабан Мақсұтович – төраға, Досланов Танатар Сағалович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмурағатқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Баймұхамбет Асқар Ермажанұлы, Бектаева Ақбала Алмасқызы, Құлшарабаева Асия Мырзабақықызы, Қаржаубаев Ермахан Төміржанұлы.

№149 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылы, Төлген Дәуіт-баев көшесі №5, “Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының қазыналық кәсіпорнының ғимараты. Телефондары: (8724 31) 33-1-17.

№149 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Бейсенбаев Руслан Асылбекұлы – төраға, Жарыққасын Жомарт Талапұлы – төраға орынбасары, Аукенова Маржан Айтмағамбетовна – хатшы, комиссия мүшелері – Жылқыайдар Ақерке Бексейтқызы, Көлбаева Алтыншай Әділжанқызы, Қарабай Мақсат Төребекұлы, Маликова Шолпан Жарымбетовна.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Өмірбек Жүсіпов



Саналы ғұмырын ел дамуына сарп еткен жерлесіміз, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Жүсіпов Өмірбек Жүнісұлы дүниеден өтті. Ол 1950 жылы 28 ақпанда Ақсу ауылында дүниеге келген. Аудан орталығындағы №123 орта мектепте білім алып, «Еңбек Қызыл Ту» орденді, Ташкент теміржол көлік инженерлері институтын теміржол көлігінің инженері мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1973 жылы Қызылорда теміржол стансасының кезекшісі болып бастаған қайраткер 1976-1983 жылдары Арал Қармақшы аудандары, Төретам теміржол стансаларының бастығы қызметтерін атқарды. 1999-2013 жылдары «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда тасымалдау бөлімшесі филиалының жүк және коммерциялық жұмыстары директорының орынбасары, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамы Қызылорда тасымалдау бөлімшесі филиалы директорының орынбасары, «Қазтеміржол көлік» акционерлік қоғамы Қызылорда филиалының директоры қызметтерін атқарды. 2013 жылдың мамыр айынан бастап Қазақстан темір жолшылары кәсіби одағының Қызылорда филиалының төрағасы болып сайланды.

Ол бірнеше рет аудандық кеңестің, облыстық мәслихаттың депутаты болды. «Ерен еңбегі үшін» медалымен, ҚР Құрметті теміржолшысы, Саналы ғұмырын аймақ экономикасының, теміржол саласының дамуына арнаған қайраткер өмірі – өскелең ұрпаққа өнеге, Өмірбек Жүнісұлының жарқын бейнесі оның достарының, әріптестерінің жүрегіне ұзақ уақыт сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын Аймақтың дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер Жүсіпов Өмірбек Жүнісұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

А.Ибраимов, Ө.Елеусинов, С.Әлиев, А.Нұрмағанбетов, Ө.Байнахатов, Ф.Сүлейменов, Ж.Дүйсекеев, М.Шілдебаев.

2025 жылғы I тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Ибраимов Ардақ Әбдіғашарұлы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Нұрмағанбетов Арнұр Әлібекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Байнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Сүлейменов Ғани Кенжеғараұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Дүйсекеев Жасұлан Талғатұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

Тәлім

Жас қыран – бақыт мекені

Ашылғанына әлі бір жыл уақыт болмаса да алғашқы бүлдіршіндерін білім ошағына шығарып салып үлгерген «Жас қыран» бөбекжай-бақшасында бүгінде 130 бала тәрбиеленіп жатыр. Осы ретте аудан орталығынан былтыр ғана бой көтерген балабақшаның тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.

Иә, балабақша – тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы. Мұнда балалар мектепке дейін білім алып қана қоймай, қабілетін ерте жастан дамытады. Балабақша меңгерушісі Қалдыгүл Дәулеттің айтуынша мұнда бүгінде 6 топ бар. 2 жасар балаларға арналған «Құлышак» кіші тобы, 3 жастағы балалар үшін ортаңғы «Ботақан» мен «Қошақан» тобы. Сондай-ақ 4 жастағы бүлдіршіндер үшін «Бөбек» ересек тобы мен 5 жастағы балаларға арналған «Балдырған» мен «Балдәурен» мектепалды тобы жұмыс істейді.

Былыр дәл осы мектепалды даярлық тобынан «Қош бол балабақшам» ертеңгілігі аясында түлеген 45 бала алғаш мектеп табалдырығын аттаған. Қазіргі таңда аудан орталығында білім алатын шәкірттерімен әлі күнге дейін байланыс орнатып тұратындарын айтқан балабақша меңгерушісі әр баланың жеткен жетістігіне шынайы қуанып, ұстаздарынан алғыс алуын балабақша тәлімгерлерінің біліктілігімен байланыстырады. Балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстайтынын айтқан Қалдыгүл Әбілхақызы ең алдымен бізді асхананың жай-күйімен таныстырды.

Мұнда 2 аспазшы жұмыс істейді екен. Аспазшы Жәнісгүл Құрманәлі мен Гүлмира Амангелдіева «балалардың тамақты тойып, тауысып ішкенің көріп, алғаусыз алғысын алғаннан артық ештеңе жоқ» дейді. Олардың балаларға арнап түрлі дәмді тамақ пісіріп жүргендеріне бірнеше жылдан асқан. Барлық баланы өз баласындай жақсы көретін олар ас мәзіріне сәйкес әр күнде әртүрлі тағам дайындайтындарын айтты. Балабақша меңгерушісінің айтуынша олар таң сәрімен ерте келіп, балаларға үйдегідей жағдай жасау үшін нанды арнайы қолдан көміп, пісіреді.

– Балаларға күнде үш мезгіл ас беріледі. Балабақша тәрбиешілері жоғары білімді мамандар. Басқа балабақшадан ауысып келіп жатқан балалар көп. Бұл балабақшамыздың жақсы жұмыс нәтижесі мен балаға қолайлы жағдай жасауымыздың арқасы деп білемін. Осы уақытқа дейін ата-аналар тарапынан ешқандай теріс пікір болған жоқ, алғашқы тек алғыс болды. Тәрбиешілеріміз жылдан-жылға өз білімдерін шыңдап, біліктіліктерін арттырады. Жалпы стандартқа сай жұмыс толық өз деңгейінде атқарылып жатыр, – дейді Қалдыгүл Дәулет.

Мұндағы тәрбиешілер балаларға үздіксіз тәрбие мен сапалы білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолданып, оларға барлық жағдай жасауда. Балабақшаға арнайылап атбасын бұрып келгендіктен бүлдіршіндермен де танысуды жөн көрдік. Барсақ,



тәрбиеші Зере Муса бүлдіршіндерге математика пәні барысында сандар мен пішіндер туралы сабақ өтіп жатыр екен. Тәрбиешінің айтуынша бұл мектепалды даярлық тобының бірі – «Балдырған» тобы. Мұнда 20 бала бар. Ол әр баланың қызығушылығы мен қабілетін басты назарға ала отырып, олардың шығармашылығын шыңдап, спортқа бейімдейді. Барлық тәлім-тәрбие, достық, сыйластық, мейірімділік, жылулық сынды игі қасиеттер осы балабақшадан бастау аланы рас.

Балабақша меңгерушісінің айтуынша, тәрбиеші Зере балабақшада өтетін ертеңгіліктерде балалардың ұйымшылдық қабілеттерін арттырып қана қоймай, түрлі сайыста олардың жеңіс тұғырынан көрінулеріне септігін тигізіп жүрген білікті маман.

Айта кетейік, мұнда ерекше қолдауды қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын арнайы педагогте бар. Логопед Сәлия Сұлтанбекқызы бүгінде сөйлеу тілінің тегелуі бар 14 баламен қосымша тығыз жұмыс жасауда. Сондай-ақ балабақшада арнайы акт зал спорт зал ұлттық құндылықтар робототехника кабинеті бар.

Әр кабинет заман талабына сай, балаларға ыңғайлы етіп жабдықталған. Балалардың бос уақытының басым көпшілігі осында өтеді. Иә, қазір балалар дамыған заманда өмір сүретіндіктен балабақшадан бастап пайдалы технологияларды, робототехниканы үйренуі тиіс. Осы ретте мұнда арнайы робототехника кабинеті ашылған. Мұнда бүлдіршіндер түрлі құрастыру мен робототехниканың негізімен танысатын болады. Ол баланың өсе келе ғылыми-техникалық салада білімін толықтырып инновациялық технологияларды тез меңгеруіне мүмкіндік береді.

– Мен достарыммен бірге күнде осы жерге келіп ойнаймын. Қазір үй құрастырып тұрмын. Бұған дейін машина, ұшақ құрастырдым. Маған осы жақта ойнаған қатты ұнайды, – дейді Нұрмы Наурызханұлы.

Сондай-ақ балабақша ұлттық құндылықтар кабинетімен де толыққан. Мұнда балалардың бойына отансүйгіштік қасиеттерді дарытып, оларға ұлттық аспаптар мен салт-дәстүрлерді, ойындарды үйретеді. Қамшы өру, шаш өру, ретімен санау, асық ату, ою өрнекті сәйкестендіру сынды тапсырмаларды тиянақты

орындату арқылы олардың ой-өрісінің танымын логикалық ойлау қабілеті мен ұсақ қол моторикасын дамытады. Сондай-ақ арнайы ақжуалықты әкелеріміздің көмегімен бүлдіршіндерге ши тоқу мен киіз басу жұмыстары көрсетілген.

Балабақшаның бүгінде жеткен жетістіктері өң. Атап айтсақ болсақ, «Мен өлімнің патриотымын» тақырыбында аясында өткен аудандық сурет шығарма байқауынан «Балдырған» тобының тәрбиеленушісі Аяна Төлеген І орын иеленген. Ал аудандық отбасылық «Шаңырақ» бейнероликтер байқауынан «Балдәурен» тобының тәрбиеленушісі Альфия Сәрсен ІІ орынды жеңіп алған. Мұнан бөлек, «Бақытты бала – өл болашағы» тақырыбында өткен би байқауынан мектеп алды даярлық тобының тәрбиеленушілері І орын иеленген. Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі шығармашылық ізденістері үшін көзге түскен тәрбиешілер Іңкәр Дүйсенбиева, Зере Муса, Ақсауле Бермағанбетова, Гүлзат Ақышова, Шәкізада Мәншүк, Айзат Қуанбай, Тоғжан Төлеген семинарларда ұлттық құндылығымызды бала бойына қалыптастырудағы жұмыстары жоғары бағаланып, арнайы сертификаттар иеленген.

Балабақшаның бүгінгімен танысып жүріп түгеніміз Тәуелсіз еліміздің бүлдіршіндеріне сапалы білім мен тәлім-тәрбие беру жолында аталған балабақша ұжымы жақшырылған еңбек етіп, біршама жетістікке қол жеткізіп үлгерген. Аталған мекеме балалардың бақытты ордасы болып қала бермек.



Маман мерейі



ІҢКӘР ДҮЙСЕНБИЕВАНЫҢ ТӘРБИЕШІ БОЛЫП ҚЫЗМЕТ ЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫНА 20 ЖЫЛҒА ЖУЫҚТАҒАН. ЕҢ АЛҒАШҚЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫН БҰҚАРБАЙ БАТЫР АУЫЛЫНДАҒЫ №19 «БАЛДЫРҒАН» БАЛАБАҚШАСЫНАН БАСТАҒАН ОЛ, БҮГІНДЕ «ЖАС ҚЫРАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНДА МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ. КЕЙІПКЕРІМІЗ СҰХБАТ БАРЫСЫНДА БЫЛТЫР МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫН МЕКТЕПКЕ ШЫҒАРЫП САЛҒАНЫН АЙТТЫ. БҮГІНДЕ БАЛАБАҚШАДА ТӘРБИЕЛЕНГЕН 25 БАЛА КЕНТ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ БІЛІМ ОШАҚТАРЫНА БАСТАУЫШ СЫНЫПҚА ҚАБЫЛДАНҒАН. БАЛАЛАРМЕН БАЙЛАНЫСЫН ҮЗБЕГЕН ТӘРБИЕШІ ОЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ САБАҚТА АЛҒАН БАҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТКЕН ЖЕТІСТЕРІНЕ ҚУАНЫП ОТЫРАТЫНЫН ЖЕТКІЗДІ.

Бетті дайындаған Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Тәрбиеші Іңкәр

– Қиындығы мен қызығы қатар жүретін бұл мамандықты өзім мектеп бітірер шақ таяғанда жүрек қалауыммен таңдаған болатымын. Өзіме баламен жұмыс жасаған қатты ұнайды. Балабақша ауласына кіргенде балалардың сыңғырлаған күлкісі жүзіме қуаныш сыйлап, көз келген адам бойындағы бар ауыртпалықты өп-сәтте жиып алады, – дейді Іңкәр Дүйсенбиева.

Тәрбиешінің айтуынша, қазіргі тобындағы балалар әрқайсысы әр балабақшадан келген. Ол бас-тапқы да әртүрлі тәрбиешіден білім алып келген балалардың басын бір арнаға тоғыстыру қиынға соққанын да жасырмады.

– Бізде балалардың балабақшаға келгенін растайтын «фейскебақылау» жүйесі бар. Күнделікті нағерттен әр баланы «фейске» түсіріп аламыз. Бірде былтыр мектепке шығарып салған бүлдіршінім сабақтан шығып, мектеп формасымен «апай, фейске түссейін деп келдім» деп келіп тұр. Мектепте оқыса да балабақшаның қимай, іздеп келіп тұратын бүлдіршіндерім көп, – дейді кейіпкеріміз.

Жоғары айтып өткенімдей, кейіпкеріміз ең алғаш еңбек жолын Бұқарбай батыр ауылынан бастаған. Бүгінде одан тәлім алған алғашқы бүлдіршіндерінің алды жоғары оқу орнында мұғалім мамандығында білім алуда.

– Анамның айтуынша бала күнінде балабақшаға барғанымда «қайтам, қайтам» деп қоймай жылайды екенім. Неге екені белгісіз, мамандық таңдайтын күн жа-

қындағанда балалармен жұмыс жасап көргім келіп, осы мамандыққа түстім. Кейін жұмыс барысында балалардың «үйге қайтқым келеді», «үйге қайтам» деп жылағандарын көріп, баламен бала болып жұмыс жасағанда ғана ісімнің оңға басатынын түсіндім, – дейді ол.

Кейіпкеріміз артынан ерген жас мамандардағы бала әрнәрсеге қызығушылығы болатындықтан, жұмыс барысында «қайтам» деп жылаған балаларды қайтара салмай, оның қызығушылығына қарай түрлі ойындар ойнатып, көңілін аулау қажеттігін ескертті.

Білікті маман бүгінде педагог-модератор. Ол алдағы уақытта да жас ұрпақтың тәрбиелі, білімді етіп қалыптастыру жолында бар күш-жігерін жұмсамақ.



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №38